

ISSN (Print) 2616-678X  
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы  
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**  
**PHILOLOGY** Series

**№1(126)/2019**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2019

Astana, 2019

---

---

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

**Редакция алқасы**

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**  
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК  
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.  
Мерзімділігі: жылына 4 рет.  
Тиражы: 35 дана  
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

---

---

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**  
*Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

**Editorial board**

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 408, Astana, Kazakhstan, 010008  
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)  
**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

**Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

---

---

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

**Редакционная коллегия**

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. К.Сатбаева, 2, каб. 408

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

---

---

## Мазмұны

### *Фольклор және әдебиеттану*

<i>Аймұхамбет Ж.Ә., Қараханқызы Ұ.</i> Мета­мәтін құрылымындағы мифтік символика .....	8
<i>Айтуғанова С.Ш., Дәулетова А.А.</i> Дала патшайымдары туралы аңыз бен ақиқат ...	16
<i>Аққұлы С.</i> Алаш мемлекеттік армиясының құрылуы хақында .....	24
<i>Доскеева Ш.А.</i> Ә.Нұршайықовтың эпистолярлық мұрасы .....	39
<i>Дәуітова Г.Р., Сұлтан Е., Мейрамбекова Л.К.</i> Көне эпостағы мифтік кейіпкерлер .....	46
<i>Еслям А.Б., Алтысбаев Қ.Қ.</i> З.Ахметов зерттеуіндегі Абайдың шығармашылық мұрасы .....	54
<i>Жүсіпов Н.Қ., Ибраева А.Т.</i> Бекмұрат Уақатов зерттеулеріндегі халық өлеңдерінің жанрлық жіктелуі .....	61
<i>Қасқабасов С.А.</i> Томирис – «Мәңгілік ел» идеясының символы .....	69
<i>Кемеңгер Қ.Р., Діл­дә Ж.Р.</i> М.Мырзахметұлы Бауыржан Момышұлы жайында ....	77
<i>Өскен Ә.М., Қамзабекұлы Д.</i> Алаштану: текстологиялық жауапкершілік туралы (Ә.Н. Бөкейханның «Жаңа мектеп» журналында жарияланған мақалалары) .....	84
<i>Садықова Р.Т.</i> Халел Ғаббасов: өмір мен өріс мектептері .....	94
<i>Химмат Сайед Әли әш-Шазли</i> Орыс әйелдерінің қайғылы тағдыры – орыс адамының дара тұлғасы (Е.Чижованың «Әйелдер уақыты» романы негізінде) .....	104

### *Лингвистика*

<i>Әбдуәліұлы Б., Көшкінбай Д.</i> Қазақ лексикасындағы құқықтық ақпараттарды зерттеудің жалпы мәселелері .....	120
<i>Әубәкір С.С., Біжкенова А.Е.</i> Поэтикалық дискурстың ерекшеліктері .....	127
<i>Досжан Р.А.</i> Тарихи түбірлердің сөзжасамдық қабілеті .....	135
<i>Ақжигитова А., Елегенова М., Жанзакова А.</i> Қазақстанның лингвистикалық ландшафтындағы көптілділік белгілері (Астана қаласы негізінде) .....	142
<i>Сарсикеева Г.К., Байоразова Ж.К.</i> Абайдың 38-інші сөзін орыс және ағылшын тілдеріне аудару: салыстырмалы анализ .....	150
<i>Сейидова С.</i> Әзірбайжан, ағылшын және орыс тілдеріндегі «Жас» концептісі және оның идиоматикалық өкілдігі .....	157
<i>Сыздықова Г.О., Шолақова А.К.</i> «Ер Төстік» ертегісінің лингвосомиотикалық аспектісі .....	165

### *Тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі*

<i>Баекеева А.Т., Тәжібаева С.Ж.</i> Тау-кен саласындағы халықаралық терминдерді аудару .....	173
<i>Ниязова А. Е., Мукатова М.Н.</i> Көптілді ортада шет тілінде сөйлеудің мультилингвалды әрекетін қалыптастыру .....	183
<i>Смағұлова А., Мұхаметқалиева Г., Балтабаева Г.</i> Сөздерді құрылымдық ұйымдас­тыру (ағылшын және қазақ тілдеріндегі «мұнай газы» термині) .....	191

---

---

## Contents

### *Folklore and Literary Studies*

<i>Aimukhambet Zh.A., Karakhankyzy U.</i> Mythical symbolism in the structure of metatext .....	8
<i>Aituganova S.Sh., Dauletova A.A.</i> The legend and truth about the steppe queens .....	16
<i>Akkuly S.</i> About the creation of the Alash state army .....	24
<i>Doskeyeva Sh.A.</i> A.Nurshaikhov's contribution to the epistolary genre .....	39
<i>Dautova G., Sultan Y., Meirambekova L.K.</i> Mythical characters in the archaic epos .....	46
<i>Yeslyam A.B., Alpysbayev K.K.</i> Abai's heritage in Z. Akhmetov's research .....	54
<i>Jysipov N.K., Ibrayeva A.T.</i> Genre classification of folk poems in Bekmurat Uakatov's researches .....	61
<i>Kaskabasov S.A.</i> Tomiris - Symbol of the Concept of «Мәңгілік ел» .....	69
<i>Kemenger K.R., Dilda Zh.R.</i> M. Myrzakhmetuly is about Baurzhan Momysuly .....	77
<i>Osken A.M., Kamzabekuly D.</i> Alash studies: on textual responsibility (Articles by A.N. Bokeykhan, published in «Zhana mektep») journal .....	84
<i>Sadykova R.T.</i> Khalel Gabbasov: School of life and development .....	94
<i>Himmat Sayed Ali ash-Shazli</i> The Tragic Fate of the Russian Women and the Symbol of the Russians Identity (According to the Novel by E. Chizhova «Time of Women») .....	104

### *Linguistics*

<i>Abdualiuly B., Koshkinbay D.S.</i> General problems of studying legal information in Kazakh lexicon .....	120
<i>Aubakir S.S., Bizhkenova A.Ye.</i> Features of Poetic Discourse .....	127
<i>Doszhan R.A.</i> Word-building ability of historical roots .....	135
<i>Akzhigitova A., Yelegenova M., Zhanzakova A.</i> Multilingual signs in the linguistic landscape of Kazakhstan (the case of Astana) .....	142
<i>Sarsikeyeva G.K., Baiorazova Zh.K.</i> Translation of Abays 38 <sup>th</sup> word info Russian and English: comparative analysis .....	150
<i>Seyidova S.</i> The concept of "Age" and its idiomatic representation in the Azerbaijani, English and Russian languages .....	157
<i>Syzdykova G.O., Sholakova A.K.</i> Linguosemiotic Aspect of Fairy Tales .....	165

### *Methods of teaching language and literature*

<i>Bayekeyeva A.T., Tazhibayeva S.Zh.</i> Translating International Terms for Mining Industry .....	173
<i>Niyazova A. E., Mukatova M.N.</i> Formation of foreign language speech activity in a multilingual environment .....	183
<i>Smagulova A., Mukhametkaliyeva G., Baltabayeva G.</i> Structural organization of words («Oil gas» term in English and Kazakh) .....	191

---

---

## Содержание

### *Фольклор и литературоведение*

<i>Аймухамбет Ж.А., Караханкызы У.</i> Мифическая символика в структуре метатекста .....	8
<i>Айтуганова С.Ш., Даулетова А.А.</i> Легенда и правда о степных королевах .....	16
<i>Аккулы С.</i> О создании Алашской государственной армии .....	24
<i>Доскеева Ш.А.</i> Эпистолярное наследие А. Нуршаихова .....	39
<i>Даутова Г.Р., Султан Е., Мейрамбекова Л.К.</i> Мифические персонажи в архаическом эпосе .....	46
<i>Еслям А.Б., Алтысбаев К.К.</i> Творческое наследие Абая в исследованиях З.Ахметова .....	54
<i>Жусипов Н.К., Ибраева А.Т.</i> Жанровая классификация народных стихов в исследованиях Бекмурата Уакатова .....	61
<i>Каскабасов С.А.</i> Томирис – символ вечной идеи «Мәңгілік ел» .....	69
<i>Кеменгер К.Р., Дильда Ж.Р.</i> М. Мырзахметулы о Бауржане Момышулы .....	77
<i>Оскен А.М., Камзабекулы Д.</i> Алашоведение: о текстологической ответственности (Статьи А.Н.Бокейхана, опубликованные в журнале «Жана мектеп») .....	84
<i>Садыкова Р.Т.</i> Халел Габбасов: Школа жизни и развития .....	94
<i>Химмат Сайед Али аш-Шазли</i> Трагическая судьба русских женщин – символ идентичности русского человека (по роману Е.Чижовой «Время женщин») .....	104

### *Лингвистика*

<i>Абдуалиулы Б., Кошкинбай Д.</i> Общие проблемы изучения правовой информации в казахской лексике .....	120
<i>Аубакир С.С., Бижекенова А.Е.</i> Особенности поэтического дискурса .....	127
<i>Досжан Р.А.</i> Словообразовательные важности исторических корней .....	135
<i>Акжигитова А., Елегенова М., Жанзакова А.</i> Многоязычные знаки в языковом ландшафте Казахстана (на примере Астаны) .....	142
<i>Сарсикеева Г.К., Байоразова Ж.К.</i> Перевод 38-го слова Абая на русский и английский языки: сравнительная анализ .....	150
<i>Сейидова С.</i> Концепт «Возраст» и его идиоматическое представление на азербайджанском, английском и русских языках .....	157
<i>Сыздыкова Г.О., Шолакова А.К.</i> Лингвосемиотический аспект волшебных сказок .....	165

### *Методика преподавания языка и литературы*

<i>Баекеева А.Т., Тажибаева С.Ж.</i> Перевод интернациональных терминов горно-рудной промышленности .....	173
<i>Ниязова А.Е., Мукатова М.Н.</i> Формирование иноязычной речевой деятельности в мультилингвальной среде .....	183
<i>Смагулова А., Мухаметкалиева Г., Балтабаева Г.</i> Структурная организация слов (термин «нефтяной газ» в английском и казахском языках) .....	191

FTAMP 17.07.41

С.Ш. Айтуғанова<sup>1</sup>, А.А. Дәулетова<sup>2</sup>

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail: <sup>1</sup>s-aituganova@mail.ru, <sup>2</sup>aian.dauletova89@mail.ru )

### Дала патшайымдары туралы аңыз бен ақиқат

**Аңдатпа.** Мақалада ежелгі сақ дәуіріндегі қаһармандық аңыздардағы Томирис патшайымның ерлігі жайлы, ұлы даламызды мекен еткен сақтардың ерлігі туралы тарихи жазбаларға тұжырым жасалады. Гректің ұлы ойшылы Геродоттың «Тарих» еңбегіндегі сақтардың салты мен дәстүріне, дүниетанымына, елі үшін жасаған ерен ерліктеріне сүйене отырып, ұлы даламызды жаудан қорғай білген қолбасшылардың ерліктері сөз етіледі. Аңыздың негізгі өзегі – ел есінде мәңгі сақталған Томирис патшайымның ерлігі арқылы түсіндірілгені талданады. Томирис патшайым аңыз кейіпкері ғана емес, ол тарихи шындық негізінде құрылған оқиғалардың бас қаһарманы. Тарихи аңыз түріндегі бұл шығармада өмірде болған қолбасшылар жайлы нақты деректер келтіріледі. Біздің дәуірімізге дейінгі 530-529 жылдарда болған бұл шайқас әдеттегі соғыс емес, Ұлы даланы мекен еткен массагет-сақтардың парсы патшасы Кир бастаған қалың әскерден өз Отанын қорғап қалған тарих шындығы. Осы жағдайлар аңызда нақты көрсетіліп, соғыстың қалай басталып, қалай өрбігені, қалай өз мәресіне жеткендігі толық айтылады. Олай болса, бұл аңыз ақиқатқа негізделген тарихи шындық екені түсіндіріліп, тұжырымдалады.

**Түйін сөздер:** Геродот, тарих, фольклор, аңыздау, сақ, Томирис, Спаргапис, Кир.

**DOI:** <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-126-1-16-23>

**Кіріспе.** Халқымыздың төл тарихы мен әдебиетінің көкжиегін кеңейту үшін біз ежелгі заман тарихына жүгіне отырып, әдебиетіміздің қайнар көздерін таба аламыз. Қазіргі Ұлы дала тұрғындарының арғы ата-бабалары кімдер деген сұрақ туындағанда, санамызда сақ, ғұн тайпалары өздігінен орын алары сөзсіз. Олай болса, тарихымыздың да, әдебиетіміздің де бастауы сол ежелгі заманнан басталары анық. Сақтар біздің даламызды мекен еткен ең іргелі тайпалардың бірі болды. Қазіргі таңда тарихшылар сақтар одағының мекен еткен территориясын нақты белгілеп берді. Сақтар елі тұрмыс-тіршілігінің ерекшелігіне қарай үлкен үш топқа бөлінген. Парадария сақтары ( теңіздің арғы бетіндегі сақтар) – еуропалық сақтар-скифтер немесе Арал теңізі, Сырдарияның арғы жағын мекендеген сақтар. Хаомаварга сақтары ( хаома сусынын жасаған сақтар) – Ферғана алқабын мекендейтін сақтар. Тиграхауда сақтары (шошақ бөрікті сақтар) – Сырдарияның төменгі ағысы мен Жетісу алқабын мекендеген. Сақтар туралы жазбалар бізге ежелгі грек тарихшысы Геродоттың және осы елдің атақты географы Страбонның жазбаларынан белгілі. Страбон сақ ұлысының көшпелі мал шаруашылығымен айналысқанын айтады. Олар көбіне жылқы, қой, ешкі асырағанын келтіреді. Сақтардың өмірін көзімен көрген Геродот Азияны мекендеген көшпелі өркениеттің өкілдері сақтар туралы: «Массагеттердің киімі мен тұрмысы скифтерге ұқсас. Жаяу жүріп те, ат үстінде де соғыса алады. Соғыстың екі түрін де жақсы меңгерген. Ұрыста садақ пен найзаны қатар пайдаланады. Тұрмыс заттарының көбін алтын мен күмістен жасайды. Найза, жебе, айбалталарын мыстан жасайды. Аттарын соғыстағы соққыдан сақтау үшін мыстан сауыт жасайды. Үзеңгі, таралғы, ер-тоқым, айыл сияқты қосалқы бөлшектерін алтыннан әсемдеп жасайды. Темір мен күмісті олар пайдаланбайды. Есесіне алтын мен мысқа олардың елі бай» [1, 79] деп мәлімет береді. Сақтар мәдениеті жайында сөз қозғалса, біз аты аңызға айналған Томирис патшайымның елі үшін жасаған ерен ерлігінен бастаймыз.



**Тақырыптың өзектілігі.** Осы тұста Томирис патшайым тарихи тұлға ма, әлде аңыз кейіпкері ме деген заңды сұрақ туары сөзсіз. Әрине, әдебиет пен тарихтың арасында үлкен қайшылық пен айырмашылық бар. Себебі, тарих өмірдегі шындықтың айқын көрінісі болса, ал әдебиет оның көркемдік, идеалдық мәселесін сөз етеді. Олай болса, біздің де тоқтала-тынымыз аты аңызға айналған тарихи тұлғаның шындығына көз жеткізу болып табылады. Қазақ елі – бүкіләлемдік ұлы тарихтың бір бөлігі. Мемлекет болып қалыптасып, бүгінде Азия барысына айналып отырған еліміздің тарихы біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтардан бастау алатыны баршамамызға белгілі. Еуразияны мекендеген арғы атамыз сақтардың өркениеті, мәдениеті, майдан сахнасындағы аты аңызға айналған қаһармандарының ерліктері бүгінгі фольклорда терең талдауды, зерттеуді қажет ететін құнды дүниелердің қатарынан орын алды. Сақ өркениетінің мәңгі өшпейтін белгісі ретінде дүниені жеті рет аралаған гректің ұлы ойшылы Геродот өзінің «Тарих» атты еңбегінің төртінші кітабында сақтардың тұрмысы, ерлігі жайлы, соғыс өнерін жетік меңгерген сарбаздары туралы қалдырған мәліметтері бізге аңыз түрінде жеткен ерліктің ерен үлгісі. Сақтар дала тарихында болып өткен соғыстарда орасан жетістіктерімен әлемді таңдандырған ұлы тайпа. Көне сақ дәуірінен сыр шертетін ерліктің ерен үлгісі еркіндігіне ерлігі, серілігіне сұлулығы сай Томирис пен Зарина патшайымдарға тән. Жеке басының бақытын елінің еркіндігіне айырбастаудан бас тартып, соңындағы ел-жұртын көре білген нәзік жанды, өр рухты қайсар қыздар ұлы даламызда Мәңгілік елдің алғашқы туын желбіреті білді.

Томирис пен Зарина патшайымдар туралы аңыздаулар көркем фольклордың үлгісі болғандықтан, бұл аңыздауларда нақты тарихи кейіпкерлер жүйесі бар, жер-су атаулары кездеседі, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасы сөз етіледі, дала тарихында болып өткен ең сұрапыл соғыстардың қатарынан орын алған шайқастың нақты тарихи датасы көрсетіледі. Демек, Томирис патшайым өмірде болған тарихи тұлға, ұлт мақтанышы деп толық сеніммен айтуға негіз бар.

Сақ мәдениетіне байланысты алғашқы әдеби зерттеулер Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы», Тұрсын Жұртбайдың «Қазақ әдебиеті» газетінде қазақ би-батырлары туралы жарияланған сериялық жазбаларында Томирис туралы нақтыланады. Бүгінгі таңда бұл тақырып төл әдебиетіміздің бастауы ретінде өзекті мәселелердің қатарынан орын алып отыр.

**Томирис есіміне қатысты деректер.** Сақ патшайымының есімі ежелгі жазбаларда Томирис деп көрсетілген. Томирис патшайым біздің жыл санауымызға дейінгі 570-520 жылдар аралығында өмір сүрген сақтарды басқарған әйел патша. Томирис – массагет сақтарының патшайымы, сақ елінің көсемі Ишпақайдың ұрпағы, сақтардың патшасы Мадийдің шөбересі, массагет сақтарының патшасы Сыпырдың қызы немесе немере қызы. Сыпыр есімінің өзі қазақ халқының төл сөзі екенін аңғартады.

«Томирис» сөзінің құпиясы кейбір деректерде «темірді майыстыру, қирату» деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ, көне иран тіліндегі «томруз», яғни «үйлі болу» деген сөзден шығуы да ықтимал.

Қазақ тарихшылары Томирисі «Тұмар» деп жүр. Қазіргі белгілі деректер бойынша, оның дұрыс-бұрыстығына көз жеткізу мүмкін емес. Алайда, сақ жұрты оны дәл гректерше Томирис деп атамағаны айдан анық. Ертедегі эллиндіктер Анарыс (Арыс) бабамызды Анахарсис, Токсарыны Токсарид деп, одан арғы бабаларымызды «Тарғытай, Ишпақай» деп атаған. Бәрінде де сөз соңында **-ис, -сис** қосымшасын орынсыз қоспаған, тек есімінің соңында «с» дыбысы барларға ғана қосқан. Демек, Томирисі Тұмар деп атау бұл тәртіпке үйлеспейді. Ол өзі «марқұм болған патшаның» әйелі ғой. Патша-әйелді, сөз жоқ, әйгілі, текті тұқымнан алса керек. Біздің жорамалымызша, оның аты Томирис немесе Тұмарыс болуы, сондықтан оның **Тума+арыс** деп қоюы, бәлкім, бұл оның лақап аты болуы да мүмкін [7, 60 б.] деп Томирис есіміне кең талдау жасалынады.

**Біздің зерттеу барысында анықтағанымыздай:** «Тұмар» деген ұғым сөз қолданысымызда киелі мағына түзеді, сол себепті Томирисің шын аты дәл осы Тұмар болуы ғажап емес. Себебі, біздің сан ғасырлық тарихымызда қазақ қыздарының арасында Томирис деген есім аталмаған, есесіне ішінара Тұмар деген есімдер кездесіп отырған. Ал, Геродоттың жазбаларында нақты Томирис деп көрсетілуі ол тарихи фактілер негізінде де өз дәлелін таба алады. Себебі, осы жауынгер халықты гректер «скифтер» десе, иран және парсы деректерінде «сақтар» деп көрсетеді. Бірақ осы екі атау да біздің тіліміздегі «Сақ» ұғымына ортақ атау екеніне дауласпаймыз. Сол себепті, Геродот өз тілінің ыңғайы мен менталитетінің ерекшелігіне қарай Тұмар патшайымның есімін «Томирис» деп беруі мүмкін.

Томирисің анасы туралы дерек жоқтың қасы, өйткені жазба деректерде Томирисің анасынан бала күнінде жетім қалған деп көрсетеді. Сөзсіз, анасынан ерте айырылған кішкентай қыз әкесінің тәрбиесін алған. Томирис патшайым бала кезінен бастап қару-жарақты қолданудың шебері болғаны – оның майдан өнерін жетік меңгерген ортада өскенін аңғартады. Ол бес жасында аттың құлағында ойнайтын шебер болса, алты жасында оң қолы мен сол қолында садақ пен найзаны қатар ұстап игере алатын нағыз жауынгер болып қалыптаса бастағанын тарихшылар Геродоттың жазбаларына негіз жасай отырып жазады.

Мәселенің талқылануы және нәтижесі. Томирис патшайым мен парсы патшасы Кирдің айналасында өрбитін аңыздардың құрылымы мен оқиғасы эпикалық аңыздардың табиғатына сай. Екі елді басқарған қос билеушінің арасындағы тартыс – батырлық жырларда кездесетін оқиғалар желісін аңғартады. Мұнда нақты тарихи деректерге сәйкес шынайы өмірде болған тұлғалар туралы сөз етіледі. Олар: Томирис, Кир, Крез, Дарий, Гистасп және Камбис. Біздің тоқталатынымыз Томирис патшайымның ерлігі болмақ. Олай болса, қаһарман әйелдің ерлігі, өр рухы жауыз патша Кирмен болған соғыстағы оқиғалар негізінде ашыла түспек.

Бізге жеткен деректерден аңғаратынымыз, Геродот өзінің «Тарих» кітабын жазғанда өте көп ел аралап, тарихи шындыққа негізделген құнды деректер қалдырған. Бұл еңбегінде Геродот сол замандағы қисапсыз соғыстарды баяндаған, ұлы қолбасшылар мен жекелеген батырлардың ерлігіне, бүтін елдің өміріне тоқталған. Тіпті, өзі болған елдердің өмір сүру ерекшеліктерін, салты мен дәстүрін, танымы мен тағылымын егжей-тегжейлі қағаз бетінде қалдырған. Осы еңбегінде бүгінгі қазақ даласын мекен еткен сақтардың парсы патшасы Кир жасаған жорығындағы ерліктері басынан аяғына дейін түгел баяндалады. Геродоттың жазбаларында қиял араласқан аңыздар көптеп ұшырасады. Дегенмен парсылар мен сақтардың арасындағы шайқастың шындығы ондағы тарихи тұлғалар мен тарихи даталар негізіндегі жазылған ақиқат екенін дәлелдейді.

Тарихи аңыздарға талдау жасамас бұрын, сол аңыз төңірегінде жазылған шығармалардың ішінен бүгінгі зерттеулерге арқау болатын ең көне мұра болып саналатын Геродоттың жазбаларынан бастайтынымыз анық. Ежелгі заманның қос қаһарманы Томирис пен Кирдің шайқасы туралы жазылған шығармалар бүгінгі әдеби қорымызда да көптеп кездеседі. Жазушы Болат Жандарбековтің «Саки» тарихи повесінің I томында Томирис патшайым туралы кеңірек сөз етіледі. Зерттеушілер: Немат Келімбетов, Алма Қыраубаева, Тұрсын Жұртбай осы тақырып төңірегінде өз тұжырымдарын жасады. Болат Жандарбеков аңыздың сюжетін тарихиландыра отырып, қазақ әдеби романдарының қатарын толықтырса, Немат Келімбетов, Алма Қыраубаева аталған аңызды ұлттық әдебиетіміздің ежелгі қайнар көзі деп қарастырды.

Сақтардың тіршілігі туралы: «Массагеттер егін екпейді, олар тек мал шаруашылығымен айналысып, балық аулаумен күнелтеді. Себебі Аракс өзенінде балық өте көп. Олар малдың сүтімен қоректенеді. Қадір тұтатын бірден бір Құдайлары – Күн. Олар Күнге құрбандыққа жылқы малын шалады. Оның мағынасы ең шапшаң Күн Құдайына жер бетіндегі ең шапшаң жануарды құрбандыққа шалу керек» [1, 79 б.]. Геродоттың сақтардың

тіршілігі туралы жазған бұл дерегі бүгінгі қазақ дәстүрінен көрініс табады. Сақтар заманында құрбандыққа жылқы малын шалса, бүгінгі таңда төрт түліктің бірі қойды шаламыз. Дегенмен, қазақтың бата сөздеріндегі «Құрбандыққа шалғаның қияметте пырақ болсын» дегені осы дәстүрдің көрінісінен қалған сөз деп білеміз.

Геродот еңбегінде Азия мен Европаны мекендеген екі ұлы өркениеттің өмір сүру салты туралы дерек қоры жеткілікті. Парсыларды бастаған патша Кир туралы да көп ақпарат беріледі. Оның өмірге қалай келгені, отбасын құрғаны, таққа отырғаны, оның жасаған жойқын соғыстары туралы дерек өте мол. Тіпті, Кирдің көрші жатқан елдерді қай жылы шабуылдап, қалай басып алғаны туралы да нақты тарихи деректермен көрсетіледі. Геродот Кирді қанішер жауыз патша ғана емес, сонымен қатар ақылды да айбарлы, ержүрек патша ретінде де әр қырынан көрсетеді. Азия жеріне, атап айтқанда, сақтар жеріне жорыққа аттанбас бұрын Вавилон мен Бактрия халқын тізе бүктіреді. Бұл туралы: «Осы елдерді тізе бүктірген Кир енді массагеттерді бағындыруды жоспарлады. Массагеттер саны жағынан өте көп, батыр тайпа. Олар Аракс өзенінің шығыс жақ бағытында исседондарға қарсы бетте өмір сүреді. Басқалар оларды скифтер деп те санайды» [1, 75 б.] деп көрсетіледі.

Кирдің сақтарды бағындыру туралы шешім қабылдауының бірнеше себебі болды. Ең бастысы, ол өзін бүкіл адамзат баласынан жоғары қоюы болса, екіншісі – өзі шапқан елдерді түгел дерлік бағындыруға себеп болған сәтті жорықтары, кейінгісі – алтын мен мысқа бай, өмір сүруге ыңғайлы сақтар мекен еткен Ұлы даланы бағындыру болатын. Ол сақтарды сол тұста басқарып тұрған Томирис патшайымның жесір қалғанын біліп, оған үйлену арқылы сақтардың жері мен еліне қол жеткізудің ең оңай жолын қарастырады. Бұл ойын Томирис патшайымға елшілері арқылы жеткізеді. Кирдің арам ниетін бірден аңғарған зерек те алғыр Томирис патшайым бұл ұсыныстан бас тартады. Кирдің елшісінен мына сөздерді жеткізуді бұйырады: «Мидиялықтар патшасы! Мына пиғылыңнан қайт. Салған көпірлеріңнен пайда табасың ба, жоқ па, оған да көзің жетпейді. Егер сен массагеттерді шабуға шынымен құмар болсаң, өзен үстіне салынып жатқан көпірлеріңнің құрылысын тоқтат. Көп ұзамай біз жақтағы жағаға өт. Біз өзеннен үш күндік жерге кейін шегінейік. Ал, егер де біздің өз жеріңе өткенімізді қаласаң, сен де солай жаса!» [1, 76 б.]. Дәл осы тұста Томирис патшайымның еркін жатқан елін қанды соғыстан бейбіт жолмен қорғамақ болған ниетінен әйел адамға тән нәзіктігі айқындала түседі.

Кир бірден соғыс бастамайды. Ол әскери кеңес құрып, шешімді кейін қабылдауды ұйғарады. Кирдің осы әрекетінен аңғаратынымыз, ол басқа адамның ақылына тоқтай алатын, өз шешімін өзгерте алатын кемеңгер қолбасшы да бола білген. Әскери кеңес барысында Крез Кирге өзеннен өтіп, сақтардың өз жерінде шайқасу туралы ұсыныс айтып, ойының тиімділігін дәлелдейді. Крездің ұсынысын құп көрген Кир сақ жерінде Ұлы дала тарихында мәңгілік аңызға айналған соғысын бастайды. Соғыс алдында Кир ұлы Камбис пен Крезді өз туған жеріне кері қайтарады. Себебі алдында тұрған соғыстың өз өміріндегі соңғы соғыс болатынын ол бәлкім сезген де шығар. Кир Аракс өзені жағасында сақ сарбаздарының қолынан қаза тапты. Дегенмен, оның қалай шайқасып, қалай мерт болғаны туралы нақты дерек жоқ.

Томирис тұлғасының тарихилығы, оның ерлігі жайында Болат Жандарбековтің «Саки» тарихи повесінде айтылады. Томирисінің әкесі – Спаргапис, анасы – Зарина. Анасынан ерте айырылған Томирис өжет болып өседі. Бала кезінен қолына қылыш алып, соғыс өнеріне машықтана бастайды. Ол қылыш пен найзаны тең ұстаған, садақты екі қолымен де ата алатын мерген болып өседі. Массагет пен тиграхауд сақтары бірігіп хаомаварға сақтарына соғыс ашар алдында үлкен жиын болады. Осы жиын-тойда Томирис өзінің нағыз батыр екенін дәлелдейді. Ол тиграхауда сақтарының бас батыры Рустаммен жекпе-жекке шығып, соғыс өнерін жетік меңгеріп, қаруды шебер пайдалана алатынын көрсетеді. Рустам батырдың физикалық күшін мойындап, соған тұрмысқа шығады. Әкесі қайтыс болған

соң Томирис таққа отырады [2, Б. 23-25]. Немат Келімбетов те «Сақтарды өз жерін парсы әскерінің шапқыншылық әрекетінен сақтап қалу тақырыбын жыр еткен «Томирис» дастанының сюжеті бізге Геродоттың «Тарих» атты көптомдық еңбегі арқылы жеткен» [4, 16 б.] деп тұжырым жасайды.

Ұлы дала төрінде болған ең ірі шайқас барысында Кир әлсіз де ауру сарбаздардан құралған бір топ әскерін өзен жағасына қалдырады да, өзі бір қалтарысқа негізгі күшімен жасырынады. Сақ әскері парсылардың жалған әскеріне шабуылдап, жеңіске жеттік деп қателесті. «Жеңістерін» тойлап, шарапқа әбден масайраған сәттерінде парсылар сақ сарбаздарын қырып салды. Тұтқынға алынғандар ішінде Томирисінің ұлы Спаргапис те бар еді.

Әскері мен ұлының қандай халге түскенін білген патшайым Кирге тағы да елші жібереді. Кирдің өз сөзіне құлақ аспайтынын түсінген Томирис енді әскерін бастап өзі соғыс алаңына шығады. Ал, Томирисінің ұлы Спаргапис мастығы тараған соң өзінің қандай халге душар болғанын түсініп, жаудан қолын босатуды сұрайды. Спаргапис қолы босай сала, өзін өзі өлтіреді.

«Бұл шайқасты мен барлық ұрыстардың ішіндегі ең сұрапылы деп білем. Варварлар шайқасы туралы мен мынаны білдім. Дұшпандар алдымен бір-біріне қарсы лек құрып, садақпен атысқан. Садақ оқтары таусылған соң, олар қанжар, найзамен қоян-қолтық ұрысқа кіріскен. Екі жақ та шегінбеді. Соңында массагеттер басым түсіп, жеңіске жетті. Парсы әскерлері түгелімен дерлік соғыс алаңында қаза тапты. Кирдің өзі де осы ұрыста қаза болды. Ол 29 жыл ел басқарған патша болған» [1, 79 б.] деп жазады Геродот.

Кир қаза тапты. Парсы әскері жермен жексен болып, жеңіліске ұшырады. Сақ сарбаздары асқан ерлікпен өз жерлерін жау әскеріне тапталуға жол бермей, жеңіске жетті. Ал, Томирис Кирдің мәйітін тапқан соң, оның басын торсықтағы қанға батырып: «Мен тірі қалып, ұрыста сені жеңдім. Ал сен, ұлымды қулықпен тұтқынға алып, өлім құштырдың. Менің күйімді осы әрекетіммен өлімші халге жеткіздің. Сондықтан да, міне, өзіңе ескерткен уәдемді орындап, көзің тіріде тоймаған қанға енді тойдырам» [1, 79 б.] - деді.

Томирис – әйел патша ғана емес, шырайлы жүзінен шуақ тұнған қазақ қызының ғасырдан ғасырға жеткен қадірлі, кәусәр образының жиынтық бейнесі. Ол өте ақылды, жаужүрек әйел патша. Соғыстан қорыққанынан емес, бейбіт халықтың қанының төгілуіне қарсы болған Томирис: «Енді сен менің жанашырлық ақылымды тыңда! Аман-сауында менің жерімнен кет! Егер де сен мұны істемесең, қанша тойымсыз болсаң да, мен сені қанға тойдырам!» [1,79 б.] дейді. Жаужүрек әйелдің бұл сөздерінен қатыгездікті емес, елінің ертеңі үшін аянып қалмайтын өжеттігін байқаймыз.

